



# Айыртау



# ***Айыртау***

УДК 070

ББК 76.01А 31

А 31 **Айыртау** / Құраст. - шығармашылық топ. - 2009. - 192 б.

ISBN 978-601-7029-32-6

Қазақ тарихының терең қойнауына енген туған өлкеміздің кешегісі мен ауданымыздың Тәуелсіз Қазақ елінің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан бүгінін, елі үшін бойындағы өнері мен білімін, қажыры ман қайратын, мұқалмас ерік-жігерін жұмсай білген атақты адамдары мен халық құрметіне бөленген, бүгінгі күні көзі тірі ардақты азаматтарымыз туралы тағлымы мол дүниелерді кітап етіп, оқырман қауым мен елжанды ұрпаққа мұра етіп қалдыруды жөн көрдік.

48732

УДК 070

ББК 76.01

А 4501000000  
00 (05)-09

ISBN 978-601-7029-32-6

© Айыртау, 2009

Северо-Казанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА



*«Солтүстік Қазақстан облысы өте зор мүмкіндіктерге ие және барлық жiгерлi бастамаларды өмiрде жүзеге асыруға қабiлеттi. Қазiрдiң өзiнде-ақ сiздердiң облыстарыңыздың елдiң ең ырғақты дамып отырған аймақтарының бiрi екендiгiне сенiмдiмiн»*

**Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаев**



*«...Біз өзіміздің облыста елімізде жасалған қолайлы мүмкіндіктерді барынша пайдалануға тырыстық және бүгінде біздің өңіріміздің маңызды әлеуеті талап етілген және тиімді іске қосылған...»*

**Солтүстік Қазақстан облысының әкімі  
Серік Біләлов**

**Айыртау ауданының әкімі  
Ержан Айнабеков**



## **Арайлы Айыртау**

Арайлы Айыртау Солтүстік өңірдің көгілдір таулары мен әсем көлдері аясына қоныстанған көрікті аудан. Оның сұлу табиғатын ақиық ақын, «қазақ поэзиясының Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында:

**«Қазақтың әсем жері Арқасында,  
Арқаға жетер Арал, Балқашын ба?  
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар,  
Арқаның тізілгендей алқасына»,** - деп сұлу сөзбен сүйсіне жырлаған.

Өмірге Қазақ тарихында «аққан жұлдыздай» жарқ еткен ғұлама-ғалым Шоқанды, елді асқақтаған әнімен, өнерімен сүйсінткен, күнделікті тірлікті сұлу етіп сүре білген Ақан серіні, аспандағы аққудың сұңқылына әнін қосқан Үкілі Ыбырайды, от ауызды, орақ тілді дүлдүл, айтыс ақыны Орынбайды дүниеге әкелген киелі өңірді қалайша тегін деп айтарсың.

Айтулы азаматтарымен, алғыр ұлдарымен Айыртау елінің атақ-даңқы ертеден-ақ елге мәлім. Айыртау Кеңес Одағының 12 батыры мен 9 Социалистік Еңбек Ері туылған құт мекен.

Өңіріміздің тарихи мұраларға бай екенін мақтаныш сезіммен айта аламыз. Қарасай-Ағынтай батырлар кесенесі, Сырымбеттегі Шоқан Уәлиханов атындағы тарихи-этногра-

фиялық мұражай, Айғаным қонысы, Ботайдағы ежелгі адамдар мекені, Кеңашыдағы «Ақан сері» композициясы туризмге сұранып тұрған құнды жәдігерлеріміз болып табылады.

Кезінде киелі өңірден Бәйкен Әшімов, Еркін Әуелбеков, Қажажмет Балахметов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Ғалым Елемесов секілді халқымыздың көш бастаған ардақты ұлдары түлеп ұшқанын біз әрқашан мақтанышпен айта аламыз. Ауданымыздан 12 айтыс ақыны шығып, өңіріміздің жақсы атын шығарып, жұлдызын жаққанын ел ұмытқан жоқ. Солардың ішінде дүлдүл ақын Үкілі Ыбырайдың немересі Мұса Асайынов, Байжұман Ғабдуллин, Қабдыраш Кәмәлиев, Совет Қараболатов, Тұяқ Мәкітов, Жұмабай Есекеев, Маман Ементәев есімдерін құрметпен атап өтеміз.

Жоғарыда айтып кеткендей, Отан соғысы жылдарында қаһармандықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен Кеңес Одағының 12 батыры өшпес ерліктері мен 9 Социалистік Еңбек Ерінің ерен еңбектері өрімдей өрендерімізді патриотизм рухында тәрбиелеуге елеулі ықпал етері де сөзсіз. Қазір арамызда жүрген Социалистік Еңбек Ерлері Тұрлыбек Әбілпейісов, Күлән Бәкібаева, Сүйіндік Есмағанбетовтерге айтар алғысымыз бен көрсетер құрметіміз де шексіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Солтүстік Қазақстан облысының аграрлық секторын дамытуға баса назар аударса, соның ішінде Айыртау ауданының да болғаны бір ғанибет.

Бүгінгі таңда Айыртау ауданы тынысын терең алып, құлашын кең жайып, адымын қарыштай тастап, өз тарихындағы жаңа бір белеске шығу үстінде.


Ауданымыз жыл сайын дәнді дақылдар алқабын ұлғайтып, бітік егін берекелігін арттыруда.

«Златогорка», «Достық Дән», «Кирилловка-Айыртау», «Новосветловка-Әліби», «Гусаковка» ЖШС-тері ауыл шаруашылығы өндірісі саласында оң нәтижелерімен ойымыздан шығып отыр. Ауданда екі шаруашылық мал тұқымын

асылдандырумен айналысады. Мәселен, «Агрофирма Бабық-Борлық» серіктестігі қазақтың ақ бас сиырларын өсірумен айналысса, «Гусаковка» ЖШС-і сүтті қызыл сиырлар өсіруде жақсы көрсеткіштерге жетумен қуантуда.

Бүгінгі күні көптеген өндіріс орындары қайта түлеуде. Сырымбетте қалайы кен байыту кешені салынуда. Құрылыс және кәсіпкерлік салаларында да тың өзгерістер байқалуда.

Өткенін саралай білмеген жұрт келешегін де бағамдай алмайды. Қазақ тарихының терең қойнауына енген туған өлкеміздің кешегісі мен ауданымыздың Тәуелсіз Қазақ елінің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан бүгінін, елі үшін бойындағы өнері мен білімін, қажыры ман қайратын, мұқалмас ерік-жігерін жұмсай білген атақты адамдары мен халық құрметіне бөленген, бүгінгі күні көзі тірі ардақты азаматтарымыз туралы тағлымы мол дүниелерді кітап етіп, оқырман қауым мен елжанды ұрпаққа мұра етіп қалдыруды жөн көрдік.





## **Айыртау ауданының географиялық жағдайы, жер көлемі, шекаралары, құрамы**

Аймағымыздың әсем де көрікті өңірі Айыртау ауданының жер бедері төбелі жазықтарымен, өзен-көл шұңқырларымен, орманды дала және дала өсімдіктерінің әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Айыртау ауданы облысымыздың оңтүстігіндегі қоңыр-жай-құрғақ орманды жерде, Көкшетау қыратының батыс бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлік, 1928 жылы құрылған. Аудан аумағы 9,62 мың км<sup>2</sup>, яғни облыс аумағының 9,8% құрайды. Жер көлемі жағынан Уәлихан, Тайынша, Ғ. Мүсірепов атындағы аудандардан кейін төртінші орында.

Ауданымыздың солтүстігінде Есіл, шығысында Тайынша, Солтүстік батысында Шал ақын, Батыс және оңтүстігінде Ғабит Мүсірепов аудандарымен шектеседі. Шығысында Айыртау ауданы Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына қарайды және Ақмола облысының Зеренді мен Сандықтау аудандарымен шектеседі.

Ауданымыздың солтүстіктегі ең шеткі нүктесі Светлое селосының солтүстік-батыс жағында орналасса, оңтүстігіндегі ең шетін 52° 30' Красново селосының оңтүстігі құрайды. Батыста шеті Тотықұс тауының батыс беткейінен 4 км жерде, яғни Береславка селосына жақын жердегі 67° 11' координатта болса, ал шығыс нүктесі 68° 46' құрап, Әлжан ауылынан 10 км жерден аяқталады.

Орташа жер бедері теңіз деңгейінен 275 м биіктікте болса, ең жоғары жер бедері ауданымыздың оңтүстік-шығысындағы Жақсыжалғызтау тауы (729м).

Айыртау ауданының жер аумағы батыстан шығысқа қарай 107 км, солтүстіктен оңтүстікке қарай 145 км-ге созылған.

Физикалық-географиялық жағынан ауданымыздың территориясы ұсақ шоқылы аласа таулы өңір (Сарыарқа) аймағына

қарайды. Ауданымыз уран, вольфрам, темір, қалайы, басқа да сирек кездесетін металл кендеріне және құрылыс материалдарына бай.

Климаты шұғыл континентті. Қаңтардағы орташа температура - 17-18<sup>0</sup>С, шілдеде 18-19<sup>0</sup>С. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 300-400 мм. Аудан жерімен Ақанбұрлық, Қарасу, Тайсары, Құрқарағай, Иманбұрлық, Бабықбұрлық және ХІХ ғасыр ортасында жойылып кеткен Қамысты өзенінен бастау алған Қамысақты өзені ағып жатыр. Жалпы көл саны 20 шақты, оның ішінде ірілері Саумалкөл, Шалқар, Үлкен Қоскөл, Имантау, Жақсыжалғызтау, Айыртау, Байсары.

Топырағы негізінен қара топырақты, шұрайлы жерлер, төменгі жағында сор да кездеседі.

Айыртау ауданы орманды-алқапты аймақ. Мұнда көктерек, қайың, қарағайдың бірнеше түрі кездеседі. Тау бөктерлерінде аралас ормандар, ал тасты жерлерде сирек кездесетін қарағай шоқтары да өсіп-өнуде.

## **Тарихи анықтама**

### **Географиялық зерттеулер**

ХІІІ ғасырдағы моңғол жазбаларында және шығыс ойшылдарының кейбір еңбектерінде Батыс Сібірдің оңтүстік аймақтарының табиғаты туралы жазылған деректер бар. Ол қазіргі біздің аймағымыз болып отыр.

Айыртау ауданының географиялық жағдайын зерттеу ХІХ ғасырдан басталған болатын. Тіпті ІІ-Екатеринаның кезеңінде де орыстарды біздің аймағымыздың минералды байлықтары қызықтырған. Бірақ жергілікті халықтың көшпелі өмірі, ыңғайлы жолдардың болмауы, табиғат қолайсыздықтары бұл аймақты зерттеуге кедергі жасады.

Біздің өңірді зерттеуге кейіннен көптеген саяхатшылар, оқымыстылар тартылды. Солардың кейбіреулерімен таныстырып өтсек.

1816 жылы көктемде Батыс Сібір генерал-губернаторының

бұйрығымен Көкшетау округінде әскери-зерттеу экспедициясы жасақталды. Экспедицияны Иван Петрович Шангин деген офицер басқарды. Шангиннің жазбасында бұл экспедицияның мақсаты осы аймақтағы таулы жерлерді, өсімдіктер мен жануарлар әлемін зерттеу, сонымен бірге кен орындарын табу болды. Экспедицияға 200-ге тарта адам, яғни тау шенеуніктері, шеберлер, аудармашылар, дәрігерлер, офицерлер және казактар қатысты.

Шангин экспедициясы Имантау, Айыртау, Жақсыжалғызтау тауларын, Саумалкөл, Шалқар, Байсары көлдерін, Иманбұрлық, Бабықбұрлық өзендерін зерттеп, талдау жүргізген. Сонымен бірге зерттеу жолында кездесіп отырған аймақтар, олардың өсімдік ландшафтарын да зерттеулерінен тыс қалдырмаған.

1816 жылы 20 мамырда Шангин отряды Имантау тауының батысына қарай ойысты. Олар Имантау тауының етегіндегі қарағайлы орманнан ерекше бейнедегі таулы шоқы түрлерін тапты. Шангин қолжазбаларында Логово көлі жайында мынадай сөздер жазылған «мөлдір айдын көлдің бетінде құс атаулының бірнеше түрі өз бейнелерін судан көріп тамашалап жүзіп жүр, ал көл маңайындағы өсімдіктердің өзі ерекше түр беріп, айналаны құлпыртуда».

Ақ қайың арасындағы Жақсыжалғызтау тауы мен көлі де Шангин отрядын бей-жай қалдырмаған. «Бұл көлдегі шортан, шабақ, алабұға сияқты балықтар ірі де дәмді екен» деген жазбалар осының айғағы. Иван Шангин өлкеміздің топонимикасына да ерекше көңіл бөлген. «Қырғыздар өз көлдеріне, тауларына, өзендеріне қандай тамаша ат тауып қояды. Мысалы, Жақсыжалғызтау тауын орысшаға аударсақ «таулардың ішіндегі ең бір жақсысы деген мағына береді екен» делінген.

Айыртау ауданы аумағын толық суреттеу И.Я.Словцовтың «1878 жылы Ақмола облысының Көкшетау уезіне барғандағы сапарда жазылған қолжазбалар» атты еңбегінен де табылды. И.Словцов экспедициясы Жамантаудан Саумалкөл көліне

дейін, одан әрі Айыртау тауынан Имантау және Жақсы-жалғызтау тауларына дейін зерттеу жүргізген. Бұл экспедиция зерттеушілері жергілікті халықты, олардың шаруашылық түрлерін де зерттеген. Тіпті экологиялық жағдайлар да сөз етілген. Соған қарағанда, Словцовтың зерттеулері өте қомақты да тыңғылықты жүргізілген зерттеулер деп айта аламыз.

Кеңес дәуірінде Айыртау ауданының географиялық зерттеулері 40-90 жылдарда минералды ресурстарды зерттеумен байланысты болды. Осындай зерттеулердің нәтижесінде уран, қалайы, вольфрам және басқа да пайдалы қазбалар табылды.

## **Елді мекендер географиясы**

Айыртау жерінің ресурсы мен түрлі табиғат жағдайларының тиімділігіне орай адамдар осы аймаққа қоныстануға ертеден қызыққан.

Аудан елді мекендерінің түп тарихы неолит дәуірінің тамаша ескерткіші - Иманбұрлық өзенінің жағалауында орналасқан «Ботай қонысынан» басталады. Ботай мәдениетін зерттеу профессор В.Ф. Зайберттің басқаруымен 1980 жылдан бастап жүргізіліп келеді. В.Ф. Зайберт Ботай қонысын төрткүл әлемге мәлім етті. Осылайша Ботай ЮНЕСКО-ның тізіміне алынды. Бүгінде одан табылған археологиялық жәдігерлер ғылымдағы ежелгі адамдар өркениеті жайлы түсінік пен тұжырымды тағы бір қырынан дәлелдей түсті.



*Ежелгі Ботай қонысының орны*

Тоқсаныншы жылдары Ботайда шетел ғалымдарының үлкен жиыны өтті. Оған жиырмадан астам мемлекет ғалымдары келіп қатысты. Оның ішінде АҚШ, Англия, Германия, Қытай, Польша және Иран сияқты елдердің өкілдері Ботай мәдениеті жайлы тарихи деректерге негізделген пікірлер білдірді. Осылайша шетел ғалымдары жер астынан табылған адам мен жылқының сүйектерін саралай келіп, ежелгі адамдар бұл өлкеде 5300 жыл бұрын өмір сүрді деген тұжырымға келді. Ал жылқының қолға үйретілгенін былай қойып, оның өз тамағын қар астынан өзі тауып жейтіні ғалымдардың қызығушылығын тудырған еді. Ғалымдардың бұл пікірлері көптен бері жылқы мен адам арасындағы байланыстың жұмбақ күйінде қалған тұстарын ашуға негіз болды. Себебі, жылқы түлігін біздің бабаларымыз басқа халықтарға қарағанда ең алғашқылардың бірі болып қолға үйреткенін дәлелдеуге Ботайдан табылған жәдігерлер айқара жол ашты. Ботай ежелгі жылқы өсірушілердің үнемі қоныстанатын орны болған.



*Ботайдан табылған ежелгі адамдар қонысы (қалпына келтірілген)*

Қазақ даласы, Моңғол жерінен бастап Жайық пен Сырдарияға дейінгі аралық, әскери-саяси тарихтың бел ортасында болды.

Ауылдар осы аймақтың барлық өңіріне орналастырылды. Қоныстанудың мұндай құрылымының өзіндік тағлымы мен ерекшелігі болды.

XVI-XVII ғасырларда осы аймақта тұрақты әрі түбегейлі қоныстанушылардың болғанының дәлелі ретінде Қарасай батыр мен Ағынтай батырдың тарихын атап өтуге болады. «1670 жылы Қарасай батыр өз отбасы және туғандарымен Сарыарқа өңірінің Айыртау жеріндегі жауынгер досы Ағынтай батырға көшіп келеді. Бұл жерде ол бір жыл тұрып, 1671 жылы 73 жасында қайтыс болады». Мәдениет ауылының жанындағы Құлшынбай төбесінде мәңгілік дамыл тапқан екі батырға 1999 жылы кесене тұрғызылды. Мемориалдық кешеннің өзі ежелгі түркі қағандарының ордасына көбірек ұқсайды. Десе де батырлардың кесенесі екенін бірден аңғарасыз: кіре берісте шаншылған екі мұнара, екі жақта айқасқан найзалар орын тепкен.

Сырымбет ауылындағы XIX ғасырдың үлгісімен салынған «Айғаным қонысы» да өңіріміздің ғажайып ескерткіштерінің бірі. Айғаным отырықшы өмірдің пайдасын түсініп, өз қыстағын орыс инженерлерінің сәулет үлгісімен салғызған. Сырымбеттегі Айғаным қонысында үйден бөлек, мектеп, мешіт, қонақ үй, диірмен, монша және түрлі шаруашылыққа қажет құрылыстар болған.



*Сырымбеттегі Айғаным қонысы*

Новоишим (Горький) бойындағы қамалдар мен бекіністердің құрылуы XIX ғасырда аймақтың елді мекендерінің географиялық құрылымына әсерін тигізген. Горький бойындағы казак елді мекендері, Сібір-казак әскерлері жалпы казактар санымен өсті. Және қоныстанушы шаруалар есебімен де толықты. Олар қазақ жерінің оңтүстік өңіріне құрылыс орындарын көптеп салудың арқасында жергілікті халықты ығыстырып, Горький бойы XVIII-XIX ғасырда Қазақстанды отарлаудың орталығына айналды. Горький бойынан оңтүстікке қарай 250 км шақырымда казак

станицалары құрылды. Осы кезеңде бұл аймақта Шалқар ст. (Шалқар селосы), Лобан ст. (Лобаново селосы), Айыртау ст. (Айыртау селосы), Имантау ст. (Имантау селосы), Арықбалық ст. (Арықбалық селосы), Нижний Бұрлық ст. (Нижний Бурлук селосы), Ақанбұрлық ст. (Ақанбұрлық селосы), Верхнебурлук ст. (Верхний Бурлук селосы) және Жақсыжалғызтау станицасы (Жақсыжалғызтау селосы) пайда болды. «Бұл қоныстанушылардың жер көлемі 277,858 ондықты құрады. 1896 жылдың 1 қаңтарында барлық 9 елді мекенінде: 3153 үй-жай, 8 шіркеу, 14 мектеп /5 ер балалар, 5 қыз балалар, 4 аралас/, 9 ойын сауық орындары тіркелген» [15. 38-бет]. 1896 жылы казак елді мекендерінде 16714 адам өмір сүрген.

Осы аймақта казак станицаларының пайда болуымен қатар, Ресей империясының түрлі губернияларынан қоныс аударылған шаруалардан құралған Кривоозерное (Саумалкөл), Константиновка селолары пайда болған. Айыртау ауданы картасында селолардың көптеп бой көтерулеріне себепші болған жайт 1889 жылы «бұдан былай Ақмола және Батыс Сібір жерлері ерікті шаруалардың көшіп-қонуына ашық» деген «жоғарғы үкім» еді. Бұл аймаққа Ресей мен Украинадан шаруалар легі қоныстануға көптеп келді. Соның салдарынан Казанка, Лавровка, Карасевка, Антоновка, Комаровка, Гусаковка, Новосветловка, Матвеевка, Корсаковка, Кутузовка, Кирилловка, Аксеновка, Воскресеновка сияқты селолар пайда болды.

Кеңес дәуірі кезінде аудандағы елді мекендердің картасында тарихи өзгерістер былайша топтастырылды:

- Ұжымдастыру кезінде ауылдар мен селоларды біріктіру;
- Светлый, Целинный жерлерінде тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде пайда болған елді мекендер;
- XX ғасырдың 70 жылдары «болашағы жоқ» шағын селоларды жою;

2005 жылы аудан картасынан Пронькино селосы жойылды (Гусаковка селолық округі). Грачевка, Галицино, Красново, Цуриковка селоларында аз ғана отбасы өмір сүруде.



## Айыртау ауданы ауылдарының құрылу тарихынан

**Саумалкөл.** 1854 жылдың мамыр айында Саумалкөл көлінің оңтүстік-батыс жағалауында шоқ қайыңдар арасына челябілік шаруалар отбасы, сәл кейінірек шадриндіктер, одан кейінірек пермдіктер қоныстанады. Ал 1878 жылы тобылдық шаруалар келіп, шағын ауыл (деревня) құрылады. Қоныстанған жерден қуып шыға ма деп бойларын қорқыныш билеген шаруалар аз уақыт ішінде ескі әдіспен: ауласы жоқ шағын жертөлелер тұрғызып, мал-құс асырап шаруашылықтарын жөнге келтіре бастады. Көлдің батыс жағалауындағы құнарлы жер егін шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы болып 6 жыл бойы өңделмей мол өнім беріп тұрды.

Үй салуға ағаш бөренелер 25 шақырым жердегі Айыртауда болатын, бірақ шаруалар казактардан дайын үйлерді сатып алып көшіргенді жөн санады. 2 бөлмелі жертөле (үй) 50-60 руб.(сом) тұрса, бір бөлмелі жертөле (үй) 20-30 сом болатын [15.29б].

Қазақ көшпелілері тұрақтанып, қазақ кедейлері мен шаруалары арқасында ауыл тез құрылып өсе бастады. Шаруалар қонысы (қоныстанушыдан алынған) арнайы статус қабылдап, Кривоозерное деген село болып ауыстырылады да, әр ер адам басына 15 ондық жер бөлігі беріледі. 1887 жылы Кривоозерныйда 224 үй түтін түтетіп, ауыл тұрғындарының саны 1716 жетеді, христиан шіркеуі мен мектеп салынады.

1891 жылы ауыл болыс орталығы болып, Кривоозерный болысы аталады. Орловка, Галицино, Кругловка селолары осы болысқа қарайтын болған. Болыс аумағының көлемі 12837 ондықты құраса, оның 4195 ондығы егіндік болатын.

1919 жылы Кривоозерное ауылы ақ гвардияшылармен соғыста қаза болған қызыл әскер, взвод командирі И. Володаровтың құрметіне Володаровское ауылы болып ауыстырылады. 1928 жылы Володаровское ауылы Володаров ауылының әкімшілік орталығы болады.

1993 жылы ауыл көл атауына сай Саумалкөл болып ауыстырылып, аудан Айыртау болып өзгертілді.

Айыртау ауданы шекаралары бірнеше мәрте төмендегідей өзгертілген болатын:

- 1964 жылы жердің біршама бөлігі Рузаев ауданына берілген;
- 1966 жылы аудан көлемінің біршама бөлігі Арықбалық ауданына бөлінген;
- 1997 жылдың мамырында Айыртау ауданы мен Арықбалық біріктірілді.

**Арықбалық.** 1820 жылы Логовое көлінің жағалауындағы төбелер етегіндегі жайқалған қайың ортасында Арықбалық ауылы құрылды. 1878 жылы И.Я.Словцов келгенде ауылда 300 үй 2100-ден артық халық тұрып жатты. Ауылда ағаштан салынған шіркеу, ауылдық басқарма, ерлер мен әйелдер училищесі, нан дүкені, 6 су диірмен, 23 жел диірмен, 3 ұстахана бар болатын. Есте жоқ ерте заманнан қалған ауыл шетіндегі арықтар мұнда егін шаруашылығының ертеден болғанының дәлелі» [15. 35 б].

**Айыртау.** Шалқар көлінің жағасында Саратов, Пенза, Пермь, Тобольск губернияларынан жер аударылып келген қоныстанушылар негізін XIX ғасырдың 50-жылдарында қалаған Айыртау қалыптасты. 1800-ден артық тұрғыны 360 түгін түтеткен ауылды казактар басқаратын, «көне казактар» немесе кәрі казак қызметкерлері Айыртауда аз болатын. Ол туралы И. Словцов қойын дәптерінде «Олардың жергілікті тұрғындардан еш артықшылығы жоқ, өйткені 20 жылдан артық уақыт ішінде табиғаттың жомарт байлығын өз қажеттеріне қолдана алмаған» деп жазады казактар жайында. [15. 33 б].

Словцов келген кезде тау етегін қалың қайың қоршаған, орман ішінде бейнесіз, тығыз, тар үйлерден құралған көріксіз ауыл болатын. 5-6 қабырғалы бір қабатты шағын тал үйлердің құрылысы мен көлемін казак әскери көші-қон департаменті бекітіп рұқсат беретін. 1878 жылы ауылда ерлер, әйелдер

Казаро-Казанская

областная библиотека

на С. МУКАТОВА

г. Омск

мектебі, үлкен шіркеу тұрғызылды. XIX ғасыр аяғында Айыртауда кең көшелер құрылып, халық қалауына сай үлкен үйлер бой көтере бастады.

**Казанка.** Самара Губерниясының Бугульмин уезінің Федотовка селосынан жергілікті помещиктерден қысым көріп, жер бөлігінсіз қалған жеті татар христиан отбасы 1883 жылы жерұйық іздеп Сібірге жылжиды. Омбыға барған оларға жері құнарлы Көкшетау уезіне бару ұсынылады. Тексіз жүрген оларға губернатор кәсіптеріне қарап Пчельников пен Плотников деген фамилия береді. Көкшетаудан оларға деп Балапан учаскесінен жер бөлініп, Казанка қалыптасады. 1884 жылдың көктемінде ауыл тұрғындары 300-ден асады. Әр тұрғынға 15 ондықтан жер бөлінеді. 1883 жылы қоныс аударушыларды басқарып келген Степанов Казан қаласынан болғандықтан, ауылға Казанка деген ат берілді.

## Ауданымыздың өзен-көлдері

Аудан жерінен Есілдің сағалары Иманбұрлық, Сарыөзек, Ақанбұрлық, Бабықбұрлық ағып өтеді. Жақсыжалғызтау көліне Қарасу өзені құяды. Галицино селосының оңтүстік-батысынан Жалтыркөлге құятын Қамсақты өзені бастау алады, онан әрі ол Үлкен Тораңғұлға барып құяды. Шағалалытеңіз көліне құятын Шағалалы өзені Цуриковка селосы маңынан бастау алады.

Ақанбұрлық өзені Жақсыжалғызтау көлінің батыс жағалауынан басталады. Ол Есілге барып құяды. Өзеннің ұзындығы 176 км-ге созылып жатса, Айыртау ауданында 70 км-ге созылған.

Бабықбұрлық Нижнебурлуктың шығыс жағындағы 8 км жерден бастау алып, Рухловка (Мүсірепов ауданы) селосының Ақанбұрлық өзеніне құяды. Өзеннің ұзындығы 84 км. Өзеннің жоғарғы жағы қайындармен көмкерілсе, орта және төменгі ағыстары жыртылған жерлер. Бабықбұрлық өзенінің ағыстары: Қарғасай, Барсучка, Құмқарағай.

Иманбұрлық Есілдің бірінші ағысы. Имантау көлінен бастау алады және 129 км-ге дейін созылып жатыр. Өзеннің бірнеше ағысы бар, ең көлемдісі - Сарыөзек.

Қамсақты өзені Айыртау ауданынан солтүстікке қарай ағады. Галицино селосының оңтүстік батысынан 5 шақырым жерден бастау алып, Жалтыркөл өзеніне, одан әрі үлкен Тораңғұл көліне барып құяды (Есіл ауданы). 106 шақырымды құрайтын өзен құрғақшылық жылдары тартылған. XIX ғасырдың орта тұсында Қамсақты орман алқабына бай болған. Қазіргі кезде Қамсақты мүлде тартылған, оған жойылу қаупі төніп тұр.

**Жақсыжалғызтау.** Көл ұзындығы 8,8 км, ені 8 км. Аумағы 43,2 км<sup>2</sup> құрайды. Көл өте әдемі жерде орналасқан. Сондықтан да халық демалу үшін осы көлге келеді. Көлдің суы Шаңтөбе поселкесінің (Ақмола облысы) тұрмыстық қажетіне қолданылады.

**Имантау.** Су көлемі 438 км<sup>2</sup> құрайды. Көл ұзындығы 13,3 км, ені 4,8 км, тереңдігі 10 м, орташа тереңдігі 5,7 м. Көлдің батыс және оңтүстігі тасты, ал шығыс бөлігі құмды болып келеді. Көлдің дәл ортасында Тасарал аралы бар.

**Шалқар.** Шалқар көлі Айыртау тауының етегінде орналасқан. Көл ұзындығы 12 км, ені 3,3 км, тереңдігі 15 м.

**Байсары.** Көл Имантау селосының солтүстік шығысында 11 км жерде орналасқан. Көл ұзындығы 2,5 км, ені 1,8 км, тереңдігі 1,8 м. Көл мал суару үшін жаз айларында ғана пайдаланылады.

## Өсімдіктер әлемі

Аудан аймағын көктеректі-қайыңды, қарағайлы ормандар құрайды. Өсімдіктер мынадай түрлерге бөлінеді: орман өсімдіктері, жазық өсімдіктері, дала өсімдіктері. Қазіргі кезде аудан ормандары солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейін созылып жатыр. Ірі орманды аймақтар солтүстікте Орлиногор орман шаруашылығы, оңтүстік батыста Рузай

орман шаруашылығы. Ал ормандардың басқа бөліктері «Көкшетау» МҰТП-ға кіреді.

Аудан аумағының біраз бөлігін қарағайлы ормандар құрайды. Айыртау, Имантау және Бүркітті шоқысы таза қарағайлы алқаптан тұрады. Қарағайлы ормандар өте қалың, таза және әдемілігімен сүйсіндіреді. Кейбір қарағайлардың ұзындығы 15 м-ге дейін жетеді. Қарағай құрылыс материалдарына пайдаланылады. Адам өміріне пайдасы зор. Ауаны тазартады. Суды қорғайды. Топырақты бекіту, өндеу, мелиорация шараларын жүргізуге пайдалы. Қарағай өте өсімтал ағаш. Топырақ таңдамайды, сондықтан ортаны көгалдандыру үшін кеңінен қолданылады.

Қайың ағашы да 10-11 м биіктікке дейін өседі. Алыстан ағарандап көз тартады. Қайыңның шырыны сусын ретінде пайдаланылады. Медицинада жапырақтары ем үшін қолданылады. Орман-тоғайлы жерлерінде сұр, күлгін сұр топырақ қалыптасқан. Өсімдік атаулыдан бетеге, бидайық, кияқ, айрауық, сораң, кермек, жусан, қарақат, таңқурай бұталары бар. Ағаштар әлемі көктеректі, қайыңды, қарағайлы және даладағы батпақты жердегі орман болып келеді.

## **Жануарлар дүниесі**

Айыртау өңірі жануарлар мен аңдарға өте бай. Омыртқалылардың 283 түрі, олардың ішінде сүтқоректілердің 47 түрі, құстардың 210 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі, қосмекенділердің 5 түрі, балықтардың 12 түрі кездеседі.

Аудан аумағында аққоян, түлкі, марал, елік, тиін, қасқыр, борсық, орман тышқаны, ор қоян, суыр, қарсақ, бұлан, дала күзені, сарышұнақ көп кездеседі.

Құстардан аққу, қаз, үйрек, шағала, тырна, шымшық, ақ құр, сұр құр, қарға, тоқылдақ, сұңқар, күйкентай, бөдене, бұлдырық, шіл, безгелдек, әупілдектер мекендейді.

## **Айыртау ауданының табиғатын қорғайтын «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі**

XX ғасырдың 60 жылдары басталған туристік саяхаттар Шалқар, Имантау, Жақсыжалғызтау сияқты ауданымыздың тамаша демалыс орындарының табиғи ландшафтарына антропогендік зиян келтірді. Сондықтан да Айыртау ауданының тамаша табиғатын мемлекеттік қорғауға алу керек екендігі байқалған болатын. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 10 сәуіріндегі №415 қаулысына сәйкес «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ашылды. Ауданы 135,8 мың га. Мұнда анның 305 түрі, құстың 223, балықтың 22 түрі, өсімдіктің 800 түрі қорғауға алынды. «Көкшетау» МҰТП Айыртау және Зеренді әкімшілік аудандарының шекарасында орналасқан.

«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас дирекциясының офисі Көкшетау қаласында.

Зеренді, Шалқар, Имантау табиғи зоналарында көлді аймақтар мен таулы аймақтар да «Көкшетау» табиғи паркінің құрамына енді. Көкшетау МҰТП картасында Солтүстік Қазақстан жағы облыстың оңтүстік жағында орналасқан және Шалқар, Имантау және Айыртау табиғи зоналарының таулы орманды ландшафтары мен оған қоса Шалқар, Имантау, Саумалкөл көлдерінің көлді акваториялары көрсетілген. Аймақты ландшафтарының ұқсастығына қарап, үнемі Швейцариямен салыстырады. Аймақтың 60% далалы зоналармен кезектесіп отыратын шалғын, шөптесін өсімдіктер өскен орманды алқаптан тұрады. Құрамында аз мөлшердегі тұз концентрациясы болуына орай, емдік қасиеті бар, елге танымал Шалқар көлінен басқа көлдердің бәрінің суы таза, мөлдір. Шалқар көліне жаз айларында көршілес Ресей елінен де көп адамдар келіп демалады.

Ұлттық парк негізгі үш мақсатта жұмыс істейді:

1. Экологиялық (табиғи экожүйені сақтаудағы экологиялық балансты сақтау).

2. Рекреациондық (адамдардың демалысын, туризмді реттеу).

3. Ғылыми (демалушыларды жіберу кезінде табиғи комплекстің дұрыс сақталуы үшін, әдістер енгізу және оның жоспарын жасау).

«Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мынадай негізгі міндеттерді атқарады:

- тамаша табиғи аймақтағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау;

- табиғи комплекстерді сақтаудың ғылыми әдістерін енгізу және орындау;

- ластанған, бүлінген табиғи және тарихи-мәдени комплекстерді қалпына келтіру;

- тұрғындардың экологиялық танымын ұйымдастыру;

- экологиялық мониторинг жүргізу.

## **Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы**

Айыртау ауданы 1928 жылы құрылып, 1997 жылы атауы өзгертілді.

Аумағы 9,6 мың шаршы км (960,0 мың га), облыс аумағының 9,8% салмағын құрайды.

Айыртау ауданы 87 елді мекеннен, 15 селолық округтен тұрады. Олар: Антонов (Антоновка селосы), Арықбалық (Арықбалық селосы), Володар (Саумалкөл селосы), Гусаковка (Гусаковка селосы), Елецкий (Елецкий селосы), Жетікөл (Саумалкөл селосы), Имантау (Имантау селосы), Казанка (Казанка селосы), Қамсақты (Карасевка селосы), Қаратал (Қаратал селосы), Константиновка (Константиновка селосы), Лобаново (Лобаново селосы), Нижнебурлук (Нижний Бурлук селосы), Сырымбет (Сырымбет селосы), Украинский (Кирилловка селосы).

### **Аймақтық-әкімшілік бөліністер:**

Аудан орталығының атауы Саумалкөл селосы.

Облыс орталығына дейінгі ара қашықтығы 280 км.

Аймақтық-әкімшілік бірліктердің барлығы 87.

Оның ішінде ауданға бағынышты қалалар жоқ.

Селолық округтердің саны 15.

2009 жылдың 1 қаңтар жағдайына сәйкес аудан халқының саны 48,517 мың адамды құрайды немесе облыстың жалпы халық санының 7,5%-ын құрайды. Ұлттық құрамы төмендегідей:

қазақтар	18448 адам немесе	38%
орыстар	22543 адам немесе	46%
украиндар	2851 адам немесе	6%
немістер	2331 адам немесе	5%
татарлар	814 адам немесе	2%
поляктар	466 адам немесе	1%
басқа ұлттар	1064 адам немесе	2%

### **Табиғат ресурстары**

**Пайдалы қазбалар.** Айыртау ауданындағы пайдалы қазбалар негізінен эндогендік әдіс арқылы пайда болған. Аудан көлемінде өте ірі кен орындары бар.

**Уран.** Аудан уранға бай, Қосалқы кен орны уран шығарудан ең ірі кен орны болып есептелінеді. XX ғасырдың 90-жылдарында Грачевка жерінде де уран өндіру іске қосылған болатын, ал қазір бұл орын тоқтатылған.

**Қалайы.** Қалайы өндіруден республиканың 3/2 бөлігін Сырымбет кен орны құрайды. Бұл кен кешенді түрге жатады, оның құрамында тантал мен инобия сияқты металдар бар. Кен қоры 89,9 млн тонна, қалайы 405 мың тонна. Ал тантал мен инобияның алынатын қоры 5 және 20 мың тоннаны құрайды.

**Вольфрам.** Вольфрам Баян кен орнынан алынады. Кен кешендік кен түріне жатады. Вольфрам құрамынан молибден де алынады.



**Жез.** Жез кені Имантау аймағында кездеседі. Кен орнының экономикалық құндылығы жоқ.

**Темір.** Николо-Бұрлық жерінде темірді қорыту арқылы алады. Гранит кен орындарынан спекторлық анализ арқылы қосымша пайдалы қазбалар табылды. Олар күміс, алтын, цинк, литий, марганец. Сонымен бірге құрылысқа қолданылатын тастар, құмдар, балшықтар, әк, мрамор сияқты қазбалар да алынады. Сапалы кірпіш жасау үшін балшық пен сазбалшық, жол салуға щебень де жер астында шоғырланған. Көптеген құрылыс материалдарын шығаратын кен орындары «Көкшетау» МҰТП (мемлекеттік ұлттық табиғи парк) аумағында орын алады. Ауданда құрылыс жұмыстарының кеңінен жүргізілуіне байланысты бұл кен орындарына сұраныс көп.

**Су қорлары.** Барлығы 267 көл бар. Аудан аумағында Имантау 5492 га; Жақсыжалғызтау 4724 га; Баян 2500 га; Құспек 300 га; Логовое 320 га; Шалқар 3300 га; Ақкөл 1560 га; Байсары 350 га; Лобан 400 га көлдері және басқа да Иман-Борлық, Бабық-Борлық, Есіл өзендерінің салалары орналасқан.

**Ерекше қорғалатын аймақтар.** 960000 га аудан жерінің 733474 га ауыл шаруашылық өнімдері құрайды. Соның ішінде 392782 га егін алқаптарына, 12039 га шабындыққа, 311433 га мал шаруашылығына, 447 га көпжылдық қолдан өсірілген ағаштарға, 16523 га жыртылған жерлерге, 250 га бақша өнімдеріне бөлінген.

Жалпы ауданы 134198 га жерді құрайтын мемлекеттік «Көкшетау» ұлттық табиғи паркінің 3 филиалы (Арықбалық, Шалқар, Айыртау), 20954 га жерді құрайтын орманды және жануарларды қорғау мемлекеттік мекемесінің 2 филиалы (Орлиногор, Борлық), 63,1 га жерді құрайтын 9 мемлекеттік табиғат ескерткіштері.